



## 2024 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы

Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 3 қазандағы № 154 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 9 қазанда № 8555-11 болып тіркелді

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-тармағының 5-14) тармақшасына, "Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 24 мамырдағы № 180 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28188 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2024 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау көлемдері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Н. Налибаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

Қызылорда облысы әкімдігінің  
2024 жылғы 3 қазандағы  
№ 154 қаулысына қосымша

## 2024 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау көлемдері

№	Субсидия түрлері	Өлшем бірлігі	Субсидияланатын көлем	Субсидиялар сомасы, теңге
1	Балық азықтарын сатып алу шығыстарын өтеу үшін субсидиялар: тұқы тұқымдас балықтар және олардың будандары	килограмм	18 000	7 560 000

2	Балық өсіру материалын сатып алу шығыстарын өтеу үшін субсидиялар: тұқы тұқымдас балықтар және олардың будандарының шабағы (30 граммға дейін)	дана	97 600	1 464 000
3	Б а л ы қ өсіру-биологиялық негіздеме сатып алу шығыстарын өтеу үшін субсидиялар	дана	1	500 000
	Барлығы			9 524 000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ